

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімін
№2 «Айсұлу» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

Баяндама:

Балабақшадағы экологиялық тәрбие

Тәрбиеші: Кейкиева З.

**Тараз қаласы
2025 ж.**

Балабақшадағы экологиялық тәрбие

Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - экологиялық тәрбие бере отырып, табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиешінің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы, жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс.

«Кұстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б. ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтің ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың экологиялық тәрбие беру арқылы айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер, құстар мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

Табиғат туралы бүлдіршіндердің ой-өрісін кеңейтіп, осы түйсіктер арқылы бүлдіршіндерге табиғат сырларын ұғындыру жөніндегі экологиялық тәрбиенің ортаңғы тобына арналған жоба-бағдарламасын ұсынып отырмыз:

Бұл топтағы балаларда ортаны танудың физиологиялық механизмдері өзінің жоғары даму деңгейіне жетеді. Іштей ойлау, ой түю пайда болады. Баладағы ой-сана мен жүйкенің қозғалуы мен тежелуі ширығып, күшейеді, тепе-теңдік сипат алады. Абстракты ойлау біршама дамиды, айналадағы орта туралы талдау, ой түю әжептеуір жетіледі, табиғат туралы кәдімгідей түйсік таным қалыптасады. Ол енді табиғаттың өзіне тән кейбір құбылыстары мен қасиеттері жайында білетін болады. Ойын мен еңбек әрекеті ұштаса жүреді. Табиғат құбылыстарының кейбір заңдылықтары, бұл құбылыстардың мерзімді қайталануымен, таныстырылады, осының негізінде табиғат құбылыстарын реалистік тұрғыда ұғынуы, білуге құлшынысы, байқап-көре білуі, логикалық ойлауы, табиғатқа эстетикалық тұрғыдан қарау сезімі қалыптаса береді.

Өсімдіктер туралы ұғымдары кеңейтіліп, оның ішінде күнбағысқа т.б. өсімдіктерге тоқтала, оның күнге қарап өсуіне байланысты аталатын және дәнінен май сығып алып, күнделікті өмірде пайдаланатындығын айтып әңгімелеу, олардың сондай-ақ өсуі үшін белгілі бір жағдайлар — топырақ, ылғал, күннің нұры, жылуы керек екені түсіндіріледі. Кейбір жануарлардың өсіп дамуы жөнінде балалардың білімі толықтырылады, құстар жұмыртқалайды, балапан басып шығарады, оларды азықтандырып асырайды және түйе ботасын, сиыр бұзауын, ит күшігін, мысық баласын өз сүтімен асырайтындығы түсіндіріледі. Балалардың жабайы хайуандар (қасқыр, аю, түлкі, қоян, кірпі) олардың тіршілігі, қорек табу әрекеті жөніндегі ұғымдары кеңейтіледі.

Күзде: Балалардың өлі табиғаттағы, өсімдіктердің құстар мен аңдардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістері туралы нақты түсініктерін кеңейту, балаларға бұрыннан таныс кейбір құбылыстар мен ауа райының жағдайы және өсімдіктер мен жануарлар тіршілігі арасындағы байланыстың реттілігін анықтап «күз» ұғымының мәнісін айқындап, қорытындылауға бағыттау. Балалардың жансыз табиғаттағы, құстардың хайуандардың өмірінде бірте-бірте болатын өзгерістер: жапырақтардың түсуі, құстардың жылы жакқа ұшып кетуі жайындағы ұғымдарын бекіту. Күзде егістіктегі көкөністерді жинау, қазып

алу, ауланы тазарту (жапырақтарды жинап бір жерге үю) т. б. жұмыстарға көмектесіп, пайдалы еңбекке араластырылады, әңгімелесулерде күз туралы түсініктері нақтылана толықтырылып бекітіледі, фильмдер көрсетіледі.

Қыста: Балалардың қысқы ауа-райының сипатты белгілері ағаштардың, ормандағы құстар мен аңдардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту және қорытындылау мақсаты көзделеді. Еңбек дағдыларын қалыптастыру, жанды нәрселерге ұқыптылықпен қарау сезімін тәрбиелеуді жалғастыра беру. Қар жауып тұрған кезде балаларға қара қоңыр қағаз қиындысын беріп, оған қар ұшқынын тосып алып, оны анықтап қарап, соңынан суретін салуды ұсыну, бала қиялын ұштау. Қыс туралы ұғымын толықтыра отырып, күнделікті байқау, кештің ерте түсуі, ай мен жұлдыздардың шығуы, ауа-райы құбылыстарына қардың жаууы, аяз, боранның болуы назар аудару. Қыс қызығын тамашалап, жүздері суықтан бал-бұл жанған балалардың ақ қар, жалтыраған көк мұзда шана, шаңғымен сырғанап ойнап жатқан суреттері бейнеленген суреттер арқылы «Қыс қызығы», «Ортақ шана» атты қимылды ойындарын ойнату. Адамдардың еңбегімен көшпені, жолды тазарту, қарды күреу балалардың өз аулаларының қарын тазалауға жәрдемдесулері. Қыс туралы, суреттер, бақылаулар бойынша әңгімелесу, қыс қызығын тамашалаумен қатар, қысқы табиғатты қорғай білуіне назар аудару.

Көктемде: Табиғаттың көктемгі құбылыстары, олардың себептері туралы, көктемдегі адамдардың еңбегі жайында балалардың білімдерін толықтыру қажет болады. Көктем ұғымын қалыптастыру. Өлі табиғаттағы өзгерістерді күннің ұзаруын, сеңнің жүруін, өсімдіктер дүниесіндегі ағаштар мен бұталардың бүр жаруын, алғашқы жапырақтың шығуын, көктемгі гүлдердің гүлденуін байқау. Жәндіктердің іс-қимылдарын бақылату арқылы балалардың түйсіктерін толықтыру. Құстардың ұшып келуін, ұя салып, балапандарына жем беруін бақылай отырып, қарлығаштың ұясы туралы әңгімелеп беру, құстардың пайдасы, оларды қорғау, қамқорлыққа алу жөнінде әңгімелесу. Мысалы, тоқылдақты ағаштың арасынан құрттарды теріп жейтіндігінен «ағаш дәрігері» аталғаны, ал қарлығаштың ұшуына қарап, олар шарк ұрып ойнап, күн нұрына шомылып жүр дейміз, ал шын мәнінде үнемі «жұмыс істеп» құрттарды аулап жүретінін, сондай-ақ тоқылдақ, қарлығаштардың суреті салынған көрнекі құралдарды пайдалана отырып әңгімелеу. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты мультфильмді пайдалану. Көктемнің алғашқы гүлі бөйшешекке тоқталу, тақпақ жаттату, бейнелеу жұмысы бойынша суретін салғызу. Гүл жамылған өлкедегі

Бұталар да ән төгеді.

Бөктердегі бөйшешектей,

Көктем неткен көркем еді.

Егіс даласындағы көктемгі жұмыс, гүлзарлардағы балалар еңбегіне тоқталу. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Жазда: Жаз мезгіліндегі күннің жарығы мен жылудың әсерінен өсімдіктердің өсіп жетілуі жөніндегі бала ұғымы кеңейіп, жинақталады, жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар мен шөптесін өсімдіктерді айыра білуге үйрету ескеріледі. Адамдардың гүлзарлардағы, егістіктердегі еңбегімен таныстырады, табиғатқа құмарлық, сүйіспеншілік, ұқыпты қарау сезімін тәрбиелейді. Балалар арам шөптерді отап, гүлдердің тұқымын жинауды үйренуі тиіс. Тәрбиеші күнделікті серуен кезінде аспанға назар аударады (бұлтты, бұлтсыз сөздерінің мағынасын түсіндіру). Жаңбырдың жаууы кезінде тәрбиеші балаларға оның бұлттан жауатындығын түсіндіреді.

Мысалы:

Ақ макта әлдеқайда барады ауып,

Жақындап кетсе жерге алар жауып.

(Бұлт)

Тәрбиеші балаларды әдемі гүл мен, жағымды иісімен қызықтыратын шөптесін өсімдіктермен таныстырады. Ойлау қабілетін дамыту үшін өсімдіктерді атағанда кейбір

өсімдіктердің атауларына және олардың ерекшелігіне назар аударған дұрыс, мысалы: жолжелкен — жол бойында өседі, шырмауық — басқа шөптерге оралып, шырмалып өседі, т.б. Сондай-ақ табиғаттағы жаз құбылыстары, ерекшеліктері туралы бүлдіршіндердің ой өрісін дамытып, толықтыру, өсімдіктерді күту, жануарларға қамқорлық жөніндегі адам еңбегіне тоқталу. Жаз күнінің ұзақтығы, жаңбыр, найзағай, кемпірқосақ туралы түсініктерін нақтылау. Серуен, экскурсия кезінде жаздың әр кезеңінде гүлдейтін өсімдіктердің, жемістердің пісуін, құстардың көбеюін бақылау. Гүлдерді жинау, шөкгүлдер тобын жасау арқылы топ бөлмелерді безендіру. Табиғат бұрышында балалар бөлме ішінде өсімдіктерді суарып, гүлдердің түбін қопсытады, сондай-ақ аквариумды, құс торларын тазартады, өсімдіктер мен жануарларды дұрыс күту мен олардың жақсы жағдайда болуы арасындағы байланысты анықтауға үйретіледі. Табиғат мүйісінің эстетикалық көркемдігіне балалар назарын үнемі аударып отыру. Бұл топта тәрбиешінің суреттерді, диафильмдер мен көркем әдебиетті оқуды пайдалану арқылы әңгімелесулеріне көп орын беріледі және табиғат құбылыстары туралы өз елінің табиғатын қорғап, қамқор бола білу қасиеті бойына сіңіріледі.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысының және бір арнасы — адамгершілік тәрбиеге саяды. 1. Адамгершілік тәрбиесінің мәнісі баланың адамдарға, айналадағы ортаға, туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын арттыруды көздейді. Туған өлкеге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің негізгі құралы — ұлттық тілі, мәдениеті, көркем өнер туындылары. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің күдіреттілігін сезінумен қатар, оны сүйюді үйренеді. Адам табиғат пен өмірдің бар қызығын ән-жырға қосып, оның әдемі де сұлу көріністерін бала санасына ән арқылы жеткізе білген.

Халқымыздың қандай ән-әуені болмасын мейірім-шапағатқа, мәнді мазмұнға, ұлағатты тәлім-тәрбие, терең философияға негізделіп жазылған. Сондықтан да ол сезімге әсер етіп, балалардың мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етеді. Халық балаға табиғаттың құпия сырларын ән арқылы жеткізумен бірге, өмір сүрудің негізгі көзі адал еңбекке де баули білген. Оларға арнап мақал-мәтел, тақпақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар, қанатты сөздер, ертегілер шығарып, күнделікті бала тәрбиесіне қолданған. Тәрбиенің осындай мол мұралары арқылы баланың сезімін оятып, рухани дүниесін байытқан, айнала қоршаған дүниені танытып, еңбекке баулыған және де табиғат өсімдігімен қатар кең даладағы құстардың сан алуан дыбыстарымен, жабайы аңдардың үй жануарларының үнімен таныстырып, танымдық қызығушылығын арттырған.

Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғат құбылыстарының жұмбақ сырлары әрқашан да қызықтырады. Олар тілі шыға бастаған кезден-ақ үлкендерден әрнәрсені сұрап, білмекке құштар. Әрнәрсені «қар неге жауады? Жаңбыр қайдан пайда болады? Жеміс-жидектер қыста неге піспейді? Қарлығаш неге күн жылы кезде келеді? Шыбын-шіркейлер күн суығанда қайда кетеді?» — деген сияқты сан алуан сұрақтар қояды. Бала естіген, көрген, сезген нәрсесін танығысы, білгісі келуі заңды ғой. Ендеше балалардың осындай сұрақтарына мән беріп, ойдағыдай түсіндіре аламыз ба? Бүлдіршін бөбектің тіршілік, түйсігі осындай ұсақ-түйектен қалыптаса беретіні бекер ме? Бала зейінін құстар сайраған дауысына, судың сылдырына, жапырақтардың сыбдырына аударып отырып, жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты осы құбылыстардың өзгеруін түсіндіру ғана емес, айналасындағы ортада болып жатқан өзгерістерді өздігінше бақылай білуге де үйрету қажет. Мұны бала психологиясын жетік білетін, туған елінің табиғатын сүйетін, жаны нәзік тәрбиеші ғана істей алады.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімін
№2 «Айсұлу» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны

Баяндама:

Табиғат бұрышының маңызы

Тәрбиеші: Бегимбетова Н.

Тараз қаласы
2025 ж.

Табиғат бұрышының маңызы

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің (мектепке дейінгі білім беру мекемесі) мақсаты — баланың білім берудің келесі, жоғары сатысына уақытылы өтуі үшін оның толыққанды физикалық, ақыл-ой және психикалық дамуын қамтамасыз ету. Үйлесімді, сауатты тұлғаны қалыптастыру бай және алуан түрлі дамытушылық ортаны құрмай мүмкін емес екені даусыз. Бұл ортаның маңызды құрамдас бөлігі табиғат бұрышы болып табылады, ол балабақшаның әрбір топ бөлмесінде болуы керек. Қалалық балалар үшін оның маңызы ерекше, өкінішке орай, табиғат қойнында жиі бола алмайтын, оның сыйлықтарымен және таңғажайып құпияларымен танысуға мүмкіндігі жоқ. ізденімпаз балалар табиғаты талап етеді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі табиғи тарих аймағының маңызды міндеттерінің бірі балабақшадағы балалардың өмірін жансыз және жабайы табиғатпен қарым-қатынаспен барынша толықтыру болып табылады. Сонымен қатар, бұрыш басқа да көптеген маңызды міндеттерді орындайды:

1. Балаларды сауықтыру. Ондағы көптеген өсімдіктер ауаны шаң мен көмірқышқыл газынан тазартуға көмектеседі. Сонымен қатар, табиғат суреттері туралы ойлау, құстармен және жануарлармен қарым-қатынас сабақтан кейінгі шиеленісті жеңілдетуге көмектеседі, жағымсыз эмоцияларға бейім балалардағы агрессивтілік пен тітіркенуді азайтады, балалардың психикалық жағдайына жағымды әсер етеді.

2. Танымдық қабілеттерін дамыту. Мектеп жасына дейінгі балалар әлемді барлық сезім мүшелерінің қатысуымен сезінеді, олар бәрін көруі, тексеруі, бәріне қол тигізуі керек. Топтық кеңістік балалардың танымдық белсенділігін ынталандыратын, олардың ізденушілік қажеттіліктеріне кеңістік беретін және шығармашылыққа ынталандыратын заттармен, материалдармен және заттармен толтырылуы керек. Табиғат бұрышы баланың тәжірибе жасай алатын, әрекет ете алатын, жаңа нәрселерді үйренетін орын ретінде жасалады (сондықтан улы өсімдіктер мен агрессивті жануарлар болмауы керек). Балабақша тобындағы табиғат бұрышы эстетикалық, тәрбиелік және тәрбиелік функцияларды орындайды.

3. Эстетикалық тәрбие. Бұрышта ұсынылған барлық материалдар мен заттар балалардың туған табиғатының сұлулығын көре білу және оны бағалай білу қабілетін ояту үшін таңдалуы керек. Күзгі ашық жапырақтар, фотосуреттер мен қысқы орман, күзгі саябақ пен жазғы шалғын пейзаждарының суреттері, саңырауқұлақтардың, ағаштардың макеттері, жануарлар мен құстардың түрлі-түсті бейнелері оқушылардың көңілінен шығып, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттырады.

4. Адамгершілік тәрбиесі. Табиғатпен қарым-қатынас балаларға мейірімділіктің алғашқы сабақтарын береді, олардың маңыздылығын асыра бағалау қиын. Бұрыштағы жануарлар мен өсімдіктер адамға тәуелді: олардың қамқорлығына, назарына мұқтаж. Басқа тіршілік иелеріне қамқорлық жасай білу балаларды мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелейді. Өсімдіктерге, жануарларға, құстар мен балықтарға қамқорлық жасай отырып, балалар

өзгенің өмірінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуге, әлсіздер мен қорғансыздарға қамқор, жомарт болуға үйренеді. Сонымен, адамгершілік пен тектілік туралы алғашқы идеялар балалардың санасына енеді.

5. Экологиялық мәдениетті, яғни қоршаған ортаға зиян тигізбеу үшін өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу. Табиғи ресурстарды сауатты және ұтымды пайдалану да экологиялық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Табиғат заңдылықтарын білетін және оның сыйлықтарын бағалай білетін адамдар ғана планетаны адамзаттың экология саласындағы надандығынан туындаған қиыншылықтардан құтқара алады

Табиғат бұрыштарына қойылатын жалпы талаптар:

- Санитарлық нормаларға сәйкес жануарларды топтық үй-жайларға, киім ауыстыратын бөлмелерге, жатын бөлмелерге орналастыруға тыйым салынады. Егер балабақша балалардың оларды бақылап, оларға қамқорлық жасау мүмкіндігін қаласа, хомықтарды, тотықұстарды және т.б. ұстау үшін бөлек бөлме бөледі. Тірі бұрыштың тұрғындары сол жерден кіші топтарға әкелінеді, ал басқа топтардың балалары бұл бөлмеге тәрбиешінің бақылауымен бара алады.

- Табиғи жарықтандыруды ескере отырып орналастыру. Ондағы өсімдіктер жиһазбен, ойыншықтармен көлеңкеленбеуі керек, яғни күндізгі уақытта максималды күн сәулесімен қамтамасыз етілуі керек. Өсімдіктері бар бұрыштың жанына қоршау орнату жақсы идея болуы мүмкін, бұл балаларға бұл жерде жүгіріп, шу шығармауды ескертеді

- Негізгі талаптардың бірі — қауіпсіздік. Өсімдіктер, материалдар мен құралдар балаларға зиян тигізбеуі және ықтимал қауіп төндірмеуі керек. Тікенді және улы өсімдіктер алынып тасталады, ал балалар тәрбиешінің қатаң бақылауымен ұсақ табиғи материалдарды (тастар, үрме бұршақ, бұршақ, раковиналар) пайдалануы керек.

Табиғат күнтізбесі

Балабақшадағы табиғаттың кез келген бұрышында суреттері бар табиғат күнтізбесі болмаса, аяқталмаған көрінеді:

- ауа райының өзгеруі;

- жыл мезгілдері;

- апта күндері.

Үлкен топтан бастап балалар жылдың қай мезгілі, қай күн, сыртта ауа райы қандай екенін атап өтеді. Кіші топта ойын ретінде қуыршақты балалар серуендеуге киінгендей киіндіру ұсынылады. Осылайша, жігіттер қыстың жаздан қалай ерекшеленетінін және әртүрлі ауа-райында қалай киінетінін еске түсіреді.

Сонымен қатар, қамқоршы әрбір топтың мыналарды қамтитынын қамтамасыз етуі керек:

- ойыншық көкөністер мен жемістердің көп мөлшері;

- андар мен құстардың бейнелері бар ойын топтамалары;

- альбомдар мен жыл мезгілдері бар суреттер;

- балалардың табиғат туралы суреттері, табиғи материалдардан қолөнер бұйымдары;

-қолөнер бұйымдарын жасауға арналған құралдар – материалдар, желім;
-өсімдіктерді күтуге және тәжірибе жасауға арналған әртүрлі құралдар;
-Дайындық тобының балаларын лупа, микроскоп, таразы сияқты заттармен таныстыруға болады.

Қорытындылар

Балабақшадағы табиғаттың кез келген бұрышы оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі болып табылады және ең алдымен тәрбиешілердің күш-жігері мен еңбегінің арқасында жасалады. Балалар табиғатты қажет етеді, әсіресе, орманға пикникке бару өте сирек кездесетін, асхана бақтары мүлде жоқ қалаларда. Балаларды еңбекке баулу, көрші-қолаңға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу тек ұстаздардың ғана емес, біздің – үлкен жауапкершілікті ата-ананың да басты міндеті.

Баяндама:

Табиғат бұрышының

маңызы



Тәрбиеші: [Name]

Тәрбиеші: [Name]

2022 ж.

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімін
№2 «Айсұлу» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

Баяндама:
Экологиялық тәрбие

Тәрбиеші: Керимбаева А.Б.

**Тараз қаласы
2025 ж.**

Экологиялық тәрбие

Балалардың ойлау тұтастығын яғни, табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін жыл мезгіліне сай жүйелі, мақсат міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысын оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтық борыш, ғылыми білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуға негізделген. Экологиялық тәрбие жұмысын осындай міндеттерді атқарта отырып, жүзеге асырады.

Мысалы:

- Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп-бағуға балу, Олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру;

- Табиғаттың сан-алуан сырлары мен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлтжандылық сезімдерін дамыту;

- Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланысты Болатынын түсіндіру және осы байланысты күнделікті өмірде Ескеру қажеттігін үйреніп отыру.

Міне осы міндеттердің барысында балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, олардың табиғатқа деген жана мәдени қарым-қатынасын бекітеді. Мұндай жұмыс түрі балалардың физиологиялық даму, психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәрбиеші басшылығымен жүргізіледі. Оқу жоспарында экологиялық тәрбие жұмысын бір рет өткізуге болады. Жыл мезгілінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс-әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау т.б). Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен құстарды күту, балыққа жем беру. Көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл, көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру. Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ, бүршік, өсімдік т.б) мағынасына сай түсіндіру. Наурыз мерекесі қарсаңында жас шыбықтар отырғызып, оны күтуді күнделікті әдет-дағдыға айналдыру. Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын әнге қосу, психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу, сөзжұмбақтар шешу, дидактикалық кимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып, әңгімелеп айтып беру. Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл жағасына, баққа, гүл алаңына барған кезде, айналаның тазалығына мән беру. Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық, еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтастыра жүргізу басшылыққа алынады.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізуде оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен т.б қамтылады. Бақылауда табиғаттағы құбылмалы ауа-райын, құстың жемге келуін, мысалы аула сыпырушының қар күреуін т.б. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл күймен қатар, табиғат сұлулығын сезіне білуіне әсер етеді. Ал серуен кезінде тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю қураған жапырақтарды бір жерге жинау, өсімдіктерді суару, ағаш түптерін тазалау т.т сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Нәтижесінде өсімдіктерді жұлмауға, құстарды қорғай білуге дағдыланады, өздерінің мұның пайдалы іс-әрекетімен құрбыларына да ықпал жасайды.

Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру маңызды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар

үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байытудың көзі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр.

Атап айтқанда:

- Педагогтардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;
- Балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын, олардың ата-аналарына насихаттау;
- Әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар;

Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7 жыл оны тәрбиелеу мен оқытудағы ең басты кезең болғандықтан оны ескерусіз өткізіп алуға болмайды. Сұлулыққа тәрбиелемей тұрып жақсы ниеттегі, адамгершілігі бар, шығармашылықпен жұмыс істейтін адамды қалыптастыру мүмкін емес. Балалар тәрбие арқылы, ересектердің өнегесі арқылы дүниені таниды, көруді, сезінуді, тыңдауды үйренеді. Балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі «Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру» олып табылады. Балалармен жұмыс істеу барысында сабақ өтілетін бөлме ғана емес, сонымен қатар мекеме орналасқан ғимарат та әсем болуы керек. Егер балалар сұлулықты өмірден өз көздерімен көре отырып, оның өмірімен байланысып сезіне білсе, онда олар сұлулықтың бар екеніне сенеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаға экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін:

- Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің алғы шарттарын құру;
- Балалардың экологиялық сауығуының дамуы үшін атқарылатын жұмыстарға көгалдандырылған зоналар құру және ұйымдастыру;
- Тірі объектілерді күтіп-баптауға қолайлы ортаны іс жүзінде құру үшін іс-шаралар ұйымдастыру;
- Сабақта көркем құралдарды, әдістемелік және материалдық құралдарды, ойыншықтарды, түрлі ертегі кейіпкерлерін жүйелі түрде қолдану;
- Педагог мамандардың білім деңгейі мен олардың біліктілігін арттыру.

К. Д. Ушинский «Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді.

5-6 жастағы балалар табиғат және ондағы көптеген заттар, құбылыстар жайлы мағлұматтардан хабардар болады. Жыл мезгілдеріне сәйкес /күз, қыс, көктем, жаз/ күзде жапырақтар сарғаятыны, құстардың жылы жаққа ұшатыны, тұманды, жаңбырлы күндердің көп болатыны т.б. бала түйсігінде із қалдырмай қоймайды. «Күз» дегенде «жапырақтар сарғайып түседі» — деген ойдың пайда болуы оларды күнделікті өмірмен тығыз байланыстырады. Себебі, күзде баланың таза ауада жапырақтармен ойнайтын кезі аз емес.

Бес жастағы бала жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ерекшеленетінін толық айтып бере алмайды. Бірақ, күзден кейін қыс, көктемнен кейін жаз келетінін біледі. Сонымен қатар бала күнделікті көріп жүрген қой-ешкі, сиыр мен жылқы сияқты үй жануарларын, хайуанаттар әлемінен көрген ит, қасқыр, түлкі, сияқты аңдар мен құстарды таниды. Олар жайлы өзіндік ой-түйсіктері болады. Мысалы: кірпі қыста ұйықтайды, жазда орманда жүреді, оның үстіндегі тікеніне қандай зат түсетін болса /жапырақтар, жидектер т.б./ сонымен қоректенеді- деген сияқты. Бес жастағы бала табиғаттағы шындық пен ертегідегі жағдайларды бір-бірімен шатастырады да, оларда мынадай ойлар тууы мүмкін. Мысалы, «аю бармағын жалайды», «аю жылыну үшін ағаштың діңіне тығылады». Шындығында аюдың, кірпі, борсық т.б. жануарлардың қыста ұйықтауының өзіндік биологиялық мәні бар. Балаларда табиғаттағы заттарды бір-бірімен салыстыру, олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар, осы жайлы өзіндік ойлар туа бастайды.

Бес - алты жасар балаларда табиғаттағы заттардың, жануарлардың, өсімдіктердің бір-бірінен қандай айырмашылықтары арқылы ерекшеленетінін ғалымдарымыздың мынадай тұжырымдары анықтай түседі. Мысалы, "жануарлардың пішіні, түр-түсі, сыртқы жамылғысы т.б. арқылы салыстырады. Бұл жастағы бала мысық пен кірпіні былай салыстырады: кірпінің терісі инелер, мысықта тері, ал тері кірпінің бауырында ғана болады, мысықта мүлде инелер болмайды және т.б. Бала осы сөздермен мысық пен кірпінің ерекшелігін толық сипаттадым деп ойлайды, ал шын мәніндегі ой-түсік кейін келе қалыптасып, жетіле береді. Осыған сәйкес, «Өсімдіктер әлемі» тақырыбын өткенде, балаларды балабақша ауласындағы ағаштармен, гүлдермен, шөптермен таныстырып, олардың жылдың әр мезгіліне сай өзгеріп отыратындығын түсіндіріп өткен жөн.

Мысалы, 5-6 жастағы балаға қыста ағаштардың жапырақтары түсіп, қураған сияқты болып көрінеді, бірақ ол ағашта қыста да тіршілік үзілмейтінін айтып түсіндіру керек. Ерте көктемде ағаштың 2-3 бұтағын кесіп, топта суға салып қою арқылы одан бүршік өсіп шығатынын, демек қыста да өсу процесі тоқталмайтынына балалардың көздерін жеткізуге болады.

Қорытындылай келе:

1. Балалардың дамуында экологиялық тәрбиенің маңызы зор. Балалардың барлық іс-әрекеті, ақыл-ойы осы айнала қоршаған ортамен тығыз байланыста және экологиялық тәрбие балабақшамен шектелмейді, мектепте осы білімдерін одан әрі өрбітіп, байытады.
2. Экологиялық саяхаттар, серуендер, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттердің барлығы ойындар арқылы дамиды, түйсікте сақталады. Бала алған білімді көру, ұстап қарау арқылы тез қабылдайды. Балалармен өткізген ойындар көп жетістіктерге жеткізеді.